

«Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2023-2024 оқу жылының әлеуметтік педагогінің жылдық

жұмысының есебі.

Әлеуметтік педагогтың басты мақсаты-мектебіміздегі көп балалы, аз қамтылған отбасыларынан шыққан, денсаулығына байланысты үйден оқытылатын оқушыларды әлеуметтік қолдау және әлеуметтік зерттеу жұмыстары.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен 1-11 сынып аралығында көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы 15 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып, мектеп директоры А.Б Аксеитова бекітті. Әр айдың 30 ші жұлдызында ыстық тамақ ішетін оқушылардың есебін ИП «Кабдугалимов» өткізеді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі Ибраева А.Н және әлеуметтік педагог Асылбеков Т.Ж бақылап отырды. Асхананы тексеруге бракераждық комиссия құрылып жоспарға сай әр ай сайын тексеріледі. Асхана оқушыларды тамақтандыру үшін 30 орынға есептелген, буфет жұмыс істейді. Асхана күніне 93 бала қабылдайды, оның ішінде 1-4 сынып оқушылары және аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар тегін тамақтанады.

Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімі жасалды.

Мектепте қыркүйек айының 19 жұлдызында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Қыркүйек айында 2023-2024 жылға арналған жұмыс жоспарын дайындап, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар атқарылды.

Мектеп бойынша әр отбасының әлеуметтік статусы анықталды. Тізімдер жасалды. Оқушылардың жалпы саны: 101 оқушы, толық емес отбасы саны-15, жалғыз басты ана-13, көп балалы 11 отбасы, 45 оқушы. Өгей әкесімен тұратын-2 оқушы, өгей шешесімен тұратын-1 оқушы. Үйден оқитын-1 оқушы. Мүгедек оқушылар-2 оқушы Сагимбаева. Ф. Диагноз МАРС.ЮРА. Зорина.М. Диагноз ХПН

Әлеуметтік қамқорлықтағы барлық оқушылар кітаппен қамтамасыз етілді. Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы және картатекасы жасалынды. Соның ішінде: көп балалы отбасы балаларының және үйде оқытылатын оқушылардың тізімі жасалынды. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындылары жинақталып, мүгедек балалар анықталды.

Казан айында республикалық қайырымдылық «Мектепке жол» акция өткізілді. Ұраны: «Бақытты балалық шақ мекені». Акциясын ұйымдастырылды, ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін біраз іс-шаралар өткізілді.

2 қазан күні екі ауысымға мектептің әлеуметтік педагогы Асылбеков Тамирлан Жанарбекович айлықтың ашылуына байланысты 1-11 сыныптарға линейка өткізді. Линейкада айлыққа жоспарлаған іс-шараларды таныстырып өтті.

6 қазан күні 1-2 сыныптарда ашық сынып сағаттар өтті, тақырып бойынша «Айналамыздағы адамдар», 3-4 сыныптарда «Жақсылық жасасаң өмір қызық болады», 5-6 сыныптарда «Мейірімділік туралы айтайық», 7-8 сыныптарда «Толеранттылық деген не?», 9-11 сыныптарда «Теңдердің арасында тең».

9 қазан күні мектептің кітапханашылары Оспанова А.М мен Мажитова И.В «Үміт клубы» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. 11 қазан күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жаксыбаева А.К және әлеуметтік педагог Асылбеков Т.Ж 9 сыныптарға арналған «Мейірімділік» атты донгелек үстел өткізді. Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Хахтай Г мен Хурман М 3-5 сыныптарында «Өмір керемет» сурет көрмесін ұйымдастырды. 12 қазан күні 11 сынып жетекшісі Куц Е.А, тәлімгер Жұмабай Б және әлеуметтік педагог Т.Асылбеков 10-11 сыныптарға арналған «Рухы күшті» атты әңгіме өткізді.

20 қазан күні мектеп психологі Шоқубасова А.М және әлеуметтік педагог Асылбеков Т.Ж «Жақсылық әлемге ілеседі» деген тақырыпқа байланысты 11 оқушыға (әлеуметтік жағдайы төмен) оқу құралдарын қайырымдылық ретінде табыстады. Көмек көрсеткен мектеп сынып жетекшілері.

Айлықта өткізілген іс-шаралары әлеуметтік желіде Faceboor, Instagram, мектеп сайтында жарияланды.

Желтоқсан айында арнайы жоспар бойынша әлеуметтік жағдайы төмен Сергазина.А, Сергазина.Ж, Турсунхан.Б, Сахапова.Э, Менгазова.А, отбасыларымен кездесіп акт толтырылды. Әлеуметтік жағдайына байланысты Сахапова Эльмираға акимат атынан көмек ретінде 1 тонна көмір түсірілді.

Жаңа жыл мерекесіне қарсы аудан әкімінің шыршасына 1а сынып оқушысы Дәнекер Аяжан, 6 б сынып оқушысы Левкович Анастасия және 10 а сынып оқушысы Кудаспаева Айгерим қатысып сыйлыққа тәттілер алды.

Мектебіміздің үйде оқитын 4 «б» сынып оқушысына Зорина Марияға Астрахан білім бөлімі жаңажылдық тәттілер мен ойыншық және мектеп әкімшілігінен тәттілер және сынып жетекшісі Джаканова А.А сыйлық табыс етті.

2024 жылдың қаңтар айында "Отбасындағы балаларды тәрбиелеу" тақырыбында 5-11 сынып ата-аналарымен ZOOM платформасы арқылы жиналыс, «Зиянды әдеттердің алдын алу, темекі өнімдері мен беттік белсенді заттарды қолдану» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен әңгіме жүргізілді.

Ақпанның 1 наурыз мен 20 наурыз аралығында тарих пәнінің мұғалімі Набиева Д.Қ 6 «б» сыныбымен "Бала құқықтары туралы" Конвенция тақырыбында әңгіме, бастауыш сыныптар арасында «Өмір әдемі!» тақырыбында сурет көрмесі, 8-11 сынып ата-аналарына "Мамандық таңдау-өмірге жол" тақырыбында әңгіме және «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында ZOOM платформасы арқылы конференция, " Мен денсаулығымды сақтаймын-өзіме көмектесемін!» және «Балалар жарақатын алдын алу" тақырыптары бойынша мектеп медбикесі Ибраева А.Н әңгіме жүргізді, 3 тоқсан аяғында әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларымен кездесіп тұрмыс жағдайларына байланысты акт толтырылып балалардың үлгерімі мен сабаққа қатысуын бақылау жұмыстары жүргізілді.

Сәуір, мамыр айларында "Балалар еңбегін пайдаланбау" тақырыбында жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстарында сөз сөйлеп, «Жаман әдеттердің алдын алу» бойынша тақырыптық сынып сағаттары және 9-11 сынып мұғалімдері мен ата-аналары арасында кәсіптік бағдар беру қызметі жүргізілді. Жазғы демалыс кезеңіне, сондай-ақ әлеуметтік осал топтардағы балалардың жазғы жұмыспен қамтылуын және демалысын ұйымдастыруы жүргізілуде.

Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылардың отбасымен байланыс қадағаланып отырсын.

Жаңа оқу жылында жоспарлы түрде жүйелі жұмыстар жүргізілсін.

Әлеуметтік педагог



Т. Асылбеков